

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 2 шілдедегі № 527 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нұралыұлы Нысанбаевқа Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 2 шілдедегі
№ 527 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына (бұдан әрі – ШЫҰ) мүше мемлекеттердің үкіметтері,

қоршаған ортаны сақтау және табиғи ресурстарды орнықты пайдалану үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында

қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мен одан әрі ілгерілетудің өзара мүддесіне сүйене отырып,

экологиялық апаттардың, қоршаған ортаның тозуының алдын алу үшін, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында қоршаған ортаның орнықты жай-күйін қамтамасыз ету үшін қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып,

қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің халықтары арасындағы достық пен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал ететініне сенімді бола отырып,

2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының хартиясын және 2007 жылғы 16 тамыздағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің ұзақ мерзімді тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартын, сондай-ақ ШЫҰ-да қабылданған қоршаған ортаны қорғау саласындағы құжаттардың ережелерін басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) атмосфералық ауаны ластанудан қорғау;
- 2) суды ластанудан қорғау;
- 3) биологиялық әралуандықты сақтау;
- 4) шөлейттенумен және топырақтың деградациясымен күрес;
- 5) қорғалатын аумақтар (ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қорғалатын табиғи аумақтар) саласындағы өзара іс-қимылды дамыту;
- 6) қауіпті қалдықтарды экологиялық басқару;
- 7) климаттың өзгеруі мәселелері бойынша өзара іс-қимылды дамыту;
- 8) орманды қорғау және орман ресурстарын орнықты пайдалану;
- 9) теріс экологиялық зардаптары бар табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға ден қою;
- 10) экологиялық білім беру, оның ішінде әйелдер мен жастарды тарту;
- 11) экологиялық таза технологиялар;
- 12) экологиялық туризмді дамыту;
- 13) ғылыми-техникалық өзара іс-қимыл;
- 14) өзара мүддені білдіретін басқа бағыттар.

2-бап

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастық мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырылады:

- 1) Келісімнің 1-бабында көрсетілген бағыттар бойынша тәжірибемен, озық практикамен және біліммен алмасу;
- 2) мүдделі мемлекеттердің бірлескен зерттеулерді ұйымдастыруы және жүргізуі, бірлескен бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруы;
- 3) Тараптар мемлекеттерінің мүдделі мекемелері мамандарымен алмасу жолымен кадрлар даярлауға және тағылымдама ұйымдастыруға жәрдемдесу;

4) мүдделі мемлекеттердің дөңгелек үстелдерді, конференцияларды, көрмелерді және экологиялық акцияларды өткізуі;

5) ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер өткізетін экологиялық бағыттағы іс-шараларға қатысу;

6) өңірлік және халықаралық ұйымдарға қатысу шеңберінде ШЫҰ-ға мүше мемлекеттерді экологиялық мәселелер бойынша үйлестіру;

7) өзара мүддені білдіретін басқа нысандар.

3-бап

Осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыруға байланысты мәселелер ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапты министрліктері мен ведомстволары басшыларының кеңесі барысында талқыланылады және келісіледі.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жауапты министрліктері мен ведомстволары басшыларының кеңесімен ынтымақтастықтың нақты бағыттары бойынша арнайы жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

4-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімді іске асыруға жауапты өз мемлекетінің құзыретті органын (органдарын) тағайындайды.

Осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы хабарламалар тапсырылған кезде Тараптар депозитарийді құзыретті орган (органдар) туралы хабардар етеді. Депозитарий құзыретті органдар туралы ақпаратты басқа Тараптарға жібереді.

Тараптар құзыретті органның (органдардың) өзгергені туралы 30 күн ішінде депозитарийге жазбаша хабарлайды.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындауға байланысты шығыстар Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес осы Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органға тиісті сала үшін бөлінген қолда бар қаржы ресурсы шегінде, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, өтеледі.

6-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптар мемлекеттерінің өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

7-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға және (немесе) түсіндіруге байланысты Тараптар арасындағы даулы мәселелерді Тараптар келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

9-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарламасын депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен шығу туралы депозитарийге болжамды шығу күнінен кемінде 60 күн бұрын жазбаша нысанда хабарлама жібере отырып, одан шыға алады. Депозитарий мұндай ниет туралы басқа Тараптарға хабарлайды.

10-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін депозитарийге қосылу туралы құжатты беру арқылы оған қосылғысы келетін кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

Осы Келісім ШЫҰ-ға мүше болып табылатын қосылушы мемлекет үшін қосылу туралы құжатты депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Келісім ШЫҰ-ға мүше болып табылмайтын қосылушы мемлекет үшін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің осындай қосылуға келісімі туралы соңғы жазбаша хабарламасын депозитарий алған күннен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

11-бап

ШЫҰ Хатшылығы осы Келісімнің депозитарийі болып табылады, ол осы Келісімге қол қойылғаннан кейін 30 күн ішінде Тараптарға оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

2024 жылғы 4 шілдеде Астана қаласында орыс және қытай тілдерінде бір төлнұсқа данада жасалды, әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Үндістан Республикасының

Үкіметі үшін

Иран Ислам Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қытай Халық Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Пәкістан Ислам Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК